

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тұқымдық мақсатқа күріштің астықтық несиесін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 425

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстарынан Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 2000 жылдың егіс науқанының мұқтаждарына екінші деңгейдегі банктердің кепілдігімен 6000 (алты мың) тонна күріш түрінде Қызылорда облысының элеваторларында сақтаулы тұқымдық несие берсін.

2. Қызылорда облысының әкімі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына астықтық несиені 2000 жылдың I желтоқсанына дейін мерзімде, 1,08 қайтару коэффициентімен уақытылы қайтаруын қамтамасыз етсін.

3.

<*>

Ескерту. 3-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394
қаулысымен.

P010394_

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК